

«6D070100-Биотехнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Абдулжанова Малика Айварбековнаның «Бие сүтінің негізіндегі функционалды тағамды дайындау үшін пробиотиктерді полисахаридті матрицаға микрокапсулдау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысынa ресми рецензенттің

СЫН-ШКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымиң даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен номірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Сәйкес келеді.</p> <p>1) Диссертация AP05134040 «Бие сүтіне негізделген функционалды тағамдарды әзірлеу үшін пробиотиктерді полисахарид матрикаларына микрокапсуляциялау» жобаның аясында орындалған.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады, және оның маңыздылығы толық ашылған. Жұмыстың маңыздылығын нәтижелер мен жарияланымдар арқылы ашқан. Такырып жоғары деңгейде қамтылған және микробиологиялық әдіс тәсілдерді пайдалана отырып, толық зерттелген. Зерттеудің нәтижелері мақсат пен міндеттерге сәйкес келеді.	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады, және оның маңыздылығы толық ашылған. Жұмыстың маңыздылығын нәтижелер мен жарияланымдар арқылы ашқан. Такырып жоғары деңгейде қамтылған және микробиологиялық әдіс тәсілдерді пайдалана отырып, толық зерттелген. Зерттеудің нәтижелері мақсат пен міндеттерге сәйкес келеді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа;	Ұсынылған нәтижелерге, сипатталған зерттеу әдістеріне, сондай-ақ жарияланған басылымдарға сүйене отырып, диссертанттың жасаған жұмысы жоғары деңгейде көрсетілген. Сонымен қатар, алынған

		3) төмен; 4) өзі жазбаган	патенттер мен күаліктер осыған дәлел бола алады. Жұмысты талқылау барысында барлық сұраптар нақты, дәлелмен жазылған. Диссертация академиялық стандарттарға сай жоғары деңгейде жазылған. Диссертациялық жұмыстың барлық тәжірибелер мен нәтижелері докторанттың жеке қатысуымен орындалған
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Докторанттың әдебиетке шолуға талдауы мен өзіндік зерттеу нәтижелері диссертациялық жұмыстың өзектілігін толығымен негіздейді
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды 1) айқындауды; 2) жартылай айқындауды; 3) айқындаамайды	Диссертациялық жұмыстың тақырыбы ауқымды алынғанымен жұмыстың мазмұны тақырыпты толық ашып, нақты ақпарат нәтижелермен айқындауды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Міндеттер арқылы мақсатка жетудін барлық кезеңдерін қамтылған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жок	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық тұрғыда байланысқан. Диссертациялық жұмыста кіріспе, әдебиеттерге шолу, зерттеу материалдары мен әдістері, зерттеу нәтижелері, нәтижелерді пайдалану бойынша қортынды мен ұсынystар, пайдаланған дереккөздер тізімі, қосымшалар, барлық бөлімдер өзара байланысты жазылған және бір-бірін толықтырады. Диссертация тақырыбын дәйекті түрде ашады. Диссертацияның бөлімдері логикалық тұрғыдан өзара байланысты, бірінен-бірі түндейді, зерттеу тақырыбымен алынған нәтижелер толық қамтиді.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау оз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Диссертант ұсынған жаңа шешімдер дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған. Сыни талдау бар. Талдау ұсынылған шешімдерге жан-жакты баға бере отырып, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген.
5.	Ғылыми	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қагидаттар жаңа	Ғылыми нәтижелер мен қагидалар толығымен жаңа болып табылады

	жаңашылдық принципі	<p>болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	<p>және ғылыми мақалалармен расталған. Пуллулан продуценті үшін меласса негізінде экономикалық тиімді өсіру жаңа коректік ортасы онтайланырылған. Альгинат, бактериялық целлюлоза және пуллулан негізінде <i>Lactobacillus rhamnosus</i> GG бар симбиотикалық микрокапсулалар алғашқы рет алынған. LGG жасушаларының микрокапсуляциясы стрестік эсерлерден (ең, асқазан сөлі және жоғары температура) қорғауды қамтамасыз ететін анықталған. Бие сүтін ашытудың онтайлы режимі және йогуртты тұрактандыру әдісі таңдалған.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Жұмыстың әрбір қорытындысы жаңа және сенімділік дәрежесі ғылыми журналдардағы жарияланымдармен расталған.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген.</p> <p>Қолданылған тәсілдер бірегей нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берілген.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұргыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Барлық қорытындылар ғылыми тұргыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерге негізделген. Нәтижелердің барлығы 15 ғылыми мақалаларда, оның ішінде 3 мақала КР ЕЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған отандық ғылыми журналдарда; 2 мақала Web of Science және Scopus деректер қорына енетін жоғары деңгейдегі ғылыми журналдарда; 4 тезис Халықаралық конференцияларда жарияланған. Сонымен қатар 2 пайдалы модельге Қазақстандық патент және 2 тіркеу күәліктері алынған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қагидаттар	<p>Әр қагидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қагидат дәлелденді мे?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбіді; 4) дәлелденбіді <p>7.2 Тривиалды ма?</p>	<p>1. Продуцентті өсіру үшін меласса қосылған модификацияланған коректік орта пуллулан биосинтезінің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді және экономикалық эффективті болып табылады;</p> <p>Қагидат дәлелденген, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі кен, мақалада дәлелденген.</p> <p>2. Бактериялық целлюлоза және пуллулан негізінде алынған</p>

		<p>1) ия; 2) жок</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия; 2) жок</p> <p>7.4 Колдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия; 2) жок</p>	<p>микрокапсулаларга LGG бактерияларының жасушаларын инкапсуляциялау, олардың тіршілікке кабілеттілігін жасанды асказан ішек жолдары жүйесінде арттырады;</p> <p>Қагидат дәлелденген, тривиалды емес, жаңа, колдану деңгейі кең, макалада дәлелденген.</p> <p>3. Бие сүтінің физика-химиялық қасиеттерін өзгертудің технологиялық әдістері күргак заттың жоғары массалық үлесі бар ашытылған сүт өнімдерін – йогурт және сүзбе пастасын алуға мүмкіндік береді;</p> <p>Қагидат дәлелденген, тривиалды емес, жаңа, колдану деңгейі кең, макалада дәлелденген.</p> <p>4. Микрокапсулацияланған пробиотиктері бар бие сүтінен жасалған жаңа өнімдердің технологиясы мен рецептурасы, сүт өнімдерінің ассортиментін кеңейтуге мүмкіндік береді.</p> <p>Қагидат дәлелденген, тривиалды емес, жаңа, колдану деңгейі кең, макалада дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия; 2) жок</p>	<p>Бұл диссертацияда негізделген және нақты сипатталған зерттеу әдістемесі бар. Зерттеудің әрбір кезеңі анық күрылымдаған және сипатталған, бұл әдістерді көбейтуді және үқсас нәтижелерді алуды женилдетеді. Колданылған әдістемелер диссертациялық жұмыстың 2 бөлімінде толық сипатталған.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды колдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректердің өндеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жок</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың нәтижесі заманауи ғылыми зерттеу әдістерін, соның ішінде биотехнологиялық, биохимиялық, микробиологиялық әдістерді колдану арқылы кол жеткізілген. Сонымен қатар, деректердің үлкен көлемін талдауға, нәтижелерді статистикалық өндеуге және корытындыларды сенимділік пен объективтіліктің жоғары деңгейінде ұсынуға мүмкіндік беретін заманауи компьютерлік технологияларды колдану арқылы деректер өнделген және түсіндірлген.</p>
		<p>8.2 Теориялық корытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік зерттеулермен далалденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент</p>	<p>Диссертациялық жұмыста теориялық тұжырымдар, модельдер, қалыптасқан байланыстар мен зандылықтар тәжірибелік зерттеулердің нәтижелерімен көрсетіліп, дәлелденген. Жұмыс шенберінде жүргізілген эксперименттер теориялық талдау негізінде жасалған болжамдарды растайды және қолдайды және жалпы алғанда ғылыми әдіснамаға және зерттеудің белгіленген максаттарына сойкес келеді. Барлық зерттеулер</p>

		<p>негізінде дәлелденеді):</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жок <p>8.4 Манызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>кем дегенде 3 қайталаныммен жасалған. Әр зерттеу мен теориялық көртындыны әлемдік зерттеумен байланыстыра отырып дәлелдеген.</p> <p>Манызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Жұмыста әдебиеттердің көбі салмакты Скопус базасына кіретін журналдар мен кітаптар.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Әдебиеттер тізімі сапасы жағынан да, саны жағынан да әдеби шолуга жеткілікті. Әдебиеттер тізімі 255 сілтемеден түрады және түрлі көздер жыныстығынан алынған. Бұл әдебиеттерге шолу жасау үшін жеткілікті, ейткені ол кең ауқымды тақырыптарды қамтуға және диссертацияда көтерілген мәселелерді терен зерттеуге мүмкіндік беретін көптеген ғылыми жұмыстарды қамтиды.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жок <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада колдану мүмкіндігі жоғары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жок <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	<p>Диссертацияның теориялық маңызы ете жоғары. Пуллұланды үнемді алу әдісінің жолдары көрсетілген. Микрокапсулардың құрамын тандау теориялық және эксперименталды түрде негізделген. Құргак бие сүтін пайдаланудың жолдары ұсынылған. Биологиялық құндылығы жағынан бірегей сүт шикізаты – бие сүті негізінде өнім ассортиментін арттырудың технологиялық негіздері әзірленген.</p> <p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикалық колдану мүмкіндігі жоғары. Қант өндірісінің қалдықтары – меласса, <i>Aureobasidium pullulans</i> C-8 штамы және оны өсірудің технологиялық шарттары негізінде онтайланырылған коректік ортаны пуллұлан өндірісін масштабтау үшін пайдалануға болады.</p> <p>Микрокапсуляцияланған пробиотикпен байытылған бие сүті негізінде "Арғымак" сериялы жаңа йогурт пен сүзбе пастасын алу технологиясы дайындалған. Йогурт пен сүзбе пастасының тәжірибелі партиялары сыналып, "Меридиан Группи" ЖШС кәсіпорнында өндірілген.</p> <p>Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Микрокапсуляцияланған пробиотикпен байытылған бие сүті негізінде "Арғымак" сериялы жаңа йогурт пен сүзбе пастасын алу технологиясы дайындалған.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 	<p>Академиялық жазу сапасы ете жоғары. Диссертацияның жазылу стилі академиялық стандарттарға сәйкес келеді. Мәтінде жұмыстың мақсаттары, әдістемесі, нәтижелері және практикалық маңыздылығы қамтылған зерттеудің толық және нақты сипаттамасы берілген.</p>

4) төмөн.

Диссертант күрүлымдық және логикалық байланысты және академиялық стиль талап ететін арнағы терминологияны пайдаланған..

Абдулжанова Малика Анварбековнаның «Бие сүтінің негізінде функционалды тағамды дайындау үшін пробиотиктерді полисахаридті матрицаға микрокапсулда» тақырыбындағы философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған диссертациялық жұмысының гылыми және тәжірибелік маңыздылығы жоғары. Диссертация талаптарға сәйкес рәсімделеген, ал докторант «6D070100-Биотехнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Ресми рецензент:

ҚЭАҚ «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті АГРАРЛЫҚ
«Тағам онімдерінің технологиясы және Кауналыпты

ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
«ЗООИНЖЕНЕРИЯ ЖӘНЕ ТАҒАМ
ӨНДІРІСІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ»
ФАКУЛЬТЕТІ

А. Серикбаева